

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 236 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 17 наурыздағы
№ 236 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші органдардың құрылуы, қызметі және таратылуы қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Консультативтік-кеңесші органдарды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі – Премьер-Министр), оның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Үкімет Аппаратының Басшысы (бұдан әрі – Үкімет Аппаратының Басшысы) және Үкіметтің басқа да мүшелері басқарады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Премьер-Министрдің атына консультативтік-кеңесші орган құру туралы ұсыныспен Премьер-Министрдің орынбасарлары немесе Үкімет Аппаратының Басшысы өтініш жасай алады.";

10-тармақта:

бесінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарларынан, мемлекеттік органдар аппараттарының басшыларынан төмен емес – Премьер-Министрдің орынбасарлары, Үкімет Аппаратының Басшысы";

алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құрылатын консультативтік-кеңесші органға жүктелетін мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып, оның құрамына Үкімет Аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы енгізіледі.";

29-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Хатшы қол қойған анықтама-есеп қоса берілетін Премьер-Министр өкімінің жобасы Үкімет регламентінде белгіленген тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі және кейіннен Премьер-Министрдің қол қоюына енгізу үшін Үкімет Аппаратына енгізіледі.";

32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Үкімет Аппараты құрылатын және таратылатын консультативтік-кеңесші органдарды есепке алууды осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша консультативтік-кеңесші органдардың тізілімін (бұдан әрі – тізілім) жүргізу арқылы жүзеге асырады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Үкімет Аппараты жаңа консультативтік-кеңесші органды құрудың орындылығына талдау жүргізген кезде міндетті түрде тізілім деректері ескеріледі".

2. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алғысы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 қазандағы № 1362 қаулысында:

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшесінде тіркеледі.".

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.12.2023 № 1195 қаулысымен.

4. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 желтоқсандағы № 1304 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші

комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) қазақстандық бөлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссиялардың қазақстандық бөлігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен және адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысусымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру қағидаларының 30-тармағында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 1190 қаулысымен бекітілген Үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейлердегі халықаралық іс-шараларды, шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) отырыстарын ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейдегі уағдаластықтарды іске асыру қағидаларының 26-тармағында көрсетілген уағдаластықтарға сәйкес құрылады.";

12-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Комиссияның қазақстандық бөлігінің тең төрағалары ұсынған ақпарат негізінде үкіметаралық комиссиялардың қызметі туралы жиынтық есеп пен талдау жасайды және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қанчарына қарай оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына ұсынады;

3) халықаралық екіжақты қарым-қатынастарды дамыту деңгейін есепке ала отырып, комиссияның қазақстандық бөлігінің жұмысын жандандыру жөніндегі ұсыныстар мен үкіметаралық комиссиялардың басым отырыстарының кезекті жылға арналған тізімін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді.";

13-тармақтың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) үкіметаралық комиссияның отырысын өткізгеннен кейін бір айдан кешіктірмей үкіметаралық комиссия отырысының қорытындылары туралы есепті ақпаратты және қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша тапсырмалардың жобасын, сондай-ақ орындалған уағдаластықтарды бақылаудан алу туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді;

6) үкіметаралық комиссиялардың отырыстары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру бойынша шаралар қабылдайды және жыл сайын 20 шілдеге қарай оларды іске асыру барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жолдайды;";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Комиссияның қазақстандық бөлігінің құрамына, әдетте, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының мұдделі мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдік мекемелерінің өкілдері кіреді.".

5. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

14-тармақтың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) Премьер-Министрдің, оның орынбасарының немесе Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасы бойынша соттарда Үкімет пен Премьер-Министрдің мұдделерін білдіру және қорғау, сондай-ақ Әділет министрлігінің құзыretіне кіретін, талқылау нысанасына айналған мәселелер бойынша Премьер-Министрдің тапсырмасымен конституциялық іс жүргізуге қатысу, мемлекеттік органдарға сот талқылауларында құқықтық және консультациялық көмек көрсету;".

6. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қарашадағы № 1072 қаулысында:

3-тармақтың 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының заң қызметтері туралы үлгі ережеде:

8-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Парламентінде заң жобаларының өтуі кезінде, сондай-ақ Үкімет Аппаратында Парламент депутаттары бастама жасаған заң жобаларына немесе Үкімет бастама жасаған заң жобаларына енгізілген депутаттардың түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобаларын, Үкімет Аппаратында және Әділет министрлігінде мемлекеттік орган әзірлеушісі болып табылатын Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Үкімет қаулыларының және Премьер-Министр өкімінің жобаларын жұмыс тәртібінде пысықтау кезінде міндепті түрде қатысады;".

7. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заны 10-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларында:

26-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның Әкімшілігінің, Парламенттің, оның палаталары мен олардың аппараттарының, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталары бюrolарының, Үкіметтің және Үкімет Аппаратының, министрліктер мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттарының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар құрамаларының, әскери бөлімдерінің, бөлімшелері мен мекемелерінің, жергілікті өкілді, атқарушы органдардың және өзге де мемлекеттік ұйымдардың мөрлери мен құжаттарының бланкілерінде";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Осы Қағидалардың 26-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен монеталарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 804 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасында белгіленген тәртіппен орналастырылады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Осы Қағидалардың 26-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген шекаралық бағаналарда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі "Шекара белгілерінің нысандарын, көлемдерін, сипаттамасын, конструкциясын және оларды орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1181 қаулысына сәйкес орналастырылады".

8. "Үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейлердегі халықаралық іс-шараларды, шетелдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) отырыстарын ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейдегі уағдаластықтарды іске асыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қарашадағы № 1190 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен және адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :";

көрсетілген қаулымен бекітілген Үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейлердегі халықаралық іс-шараларды, шетелдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың (комитеттердің, кеңестердің) және олардың кіші комиссияларының (кіші комитеттерінің, жұмыс топтарының) отырыстарын ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейдегі уағдаластықтарды іске асыру қағидаларыдан:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы туралы ақпаратты дайындау және оны Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдар шешімдерінің жобаларын келісу және оларды іске асыру, Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің арнайы рәсімдерімен және адам құқықтары жөніндегі шарттық органдармен өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасының халықаралық іс-шараларын дайындау, қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау, халықаралық сот органдарымен өзара іс-қимыл және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының халықаралық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 тамыздағы № 1037 Жарлығына сәйкес әзірленді.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Егер Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Премьер-Министр орынбасарларының немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының тапсырмасында өзгеше көзделмесе, іс-шаралардың мазмұндық бөлігін

пысықтауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен оның орынбасарлары қатысатын іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі және оның орынбасарлары қатысатын іс-шаралар шет елде өткізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ) жол жүру құжаттарын және шетелдік дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің визалық талаптарына сәйкес шетелдік визаларды ресімдеу үшін қажетті уақытты ескере отырып, алайда жол жүрудің жоспарланған күніне дейін он бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына (бұдан әрі – Үкімет Аппараты) Қазақстан Республикасының делегациясы құрамының мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жобасын енгізеді.";

10-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. СІМ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен оның орынбасарлары қатысатын іс-шара өткізілгенге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын Үкімет аппаратына мыналарды қамтитын ақпараттық-талдамалық материалдар пакетін енгізеді:";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Орталық мемлекеттік органдар мен ұйымдар сұрау салу келіп түсken сәттен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Үкімет Аппараты айқындаған өзге мерзімде алдағы іс-шараларға арналған қажетті ақпарат пен ұсыныстарды дайындауды және СІМ-ге ұсынуды қамтамасыз етеді.";

16, 17, 18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. СІМ пысықталған ақпараттық-талдамалық материалдарды қарайды және оларды Үкімет Аппаратына енгізеді.

17. Егер Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен оның орынбасарлары қатысатын іс-шара өткізілетін мерзім Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен оның орынбасарлары қатысатын іс-шара өткізілгенге дейін он жұмыс күнінен аз уақыт қалғанда айқындалса, іс-шаралардың мазмұндық бөлігін пысықтау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, оның орынбасарлары немесе Үкімет Аппаратының Басшысы айқындастын мерзімдерде қамтамасыз етіледі.

18. СІМ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, оның орынбасарларының шетелдік тараптармен келіссөзі (кездесуі) барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды тіркейді және олар өткізілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Үкімет Аппаратына қол жеткізілген уағдаластықтар (әңгімелесу жазбасы) туралы, сондай-ақ осы іс-шаралар уақытында талқыланған өзге де мәселелер бойынша ақпарат жібереді.

19. СІМ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен оның орынбасарлары қатысатын іс-шараларды дайындау және ұйымдастыру кезінде Үкімет Аппаратымен

келісім бойынша іс-шара бағдарламасынан орталық мемлекеттік органдармен және үйымдармен келісілмеген мәселелерді алып тастауға бастама жасауға құқылы.";

27-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"СІМ он жұмыс күні ішінде тапсырмалар жобасын пысықтап, Үкімет Аппаратына жібереді.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. СІМ жарты жылда бір рет 20 шілдеден және 20 қаңтардан кешіктірмей Үкімет Аппаратына қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында берілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, оның орынбасарлары тапсырмаларының орындалу барысы туралы жиынтық есеп ұсынады."

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.10.2024 № 826 қаулысымен.

10. "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтінің қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына және халықаралық үйымдарға іссапарға жіберу қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына – Қазақстан Республикасы Үкіметінің актісі негізінде;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Іссапарға жіберілген адамдарға Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдары қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген лауазымдық айлықақылар, сондай-ақ арнаулы атағы (сыныптық шені) бойынша қолданыстағы заңнамада белгіленген айлықақылар (қосымша ақылар) төленеді.

Бұл ретте іссапарға жіберілген адамдардың лауазымдық айлықақыны белгілеуге құқық беретін мемлекеттік қызмет өтілін есептеу Қазақстан Республикасының тиісті құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтінің кадр қызметі ұсынатын анықтама негізінде жүзеге асырылады.

Іссапарға жіберілген адамдарға лауазымдық айлықақылар, сауықтыру жәрдемақылары мен сыйлықақылар төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратын және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Іссапарға жіберілген адамдарға сыйлықақы беру Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары аппараттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін айқындалған тәртіппен лауазымдық айлықақылар негізге алына отырып жүзеге асырылады.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Іссапарға жіберілген адамдарды көтермелеу және тәртіптік жауаптылықта тарту Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары аппараттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіппен осы мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өкілеттіктері шегінде жүргізіледі.

10. Іссапарға жіберілген адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілген адамдар үшін олар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының аппараттарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратында және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарында атқаратын лауазымдары бойынша лауазымдық айлықақылар, ал халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген адамдар үшін іссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақылар есепке алынады.".

11. "Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысуышылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 838 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Фарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағынан ғарыш объектілерін ұшыру, сондай-ақ оны одан тыс жерлерде ғарыш қызметіне қазақстандық қатысуышылар жүзеге асыратын жағдайда ұшыру туралы шешімдерді келісу және қабылдау қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті орган өтінім келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 25 күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі жобасын әзірлейді, оны мұдделі мемлекеттік органдармен келіседі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің

Аппаратына ұсынады. Бұл ретте мүдделі мемлекеттік органдарда келісу мерзімі құнтізбелік екі күннен аспауға тиіс. Шешімнің жобасына осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар хаттарының көшірмелері қоса беріледі.".

12. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.04.2025 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 853 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 01.01.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 17-1-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларында:

4-тармақта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) заң жобасын Заңға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 қантардағы № 10 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентіне (бұдан әрі – Үкімет регламенті) сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісуді;";

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) заң жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына (бұдан әрі – Үкімет Аппараты) енгізуді және оны Үкімет регламентіне сәйкес қарауды;";

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) заң жобасын Президент Әкімшілігімен, Үкімет Аппаратымен келіскеннен кейін олар Парламенттің қарауына енгізілгенге дейін заң жобасына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізуді;";

50-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заң жобасы бойынша ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасының іске асырылуы туралы есеп Әділет министрлігіне және БАҚ саласындағы уәкілетті органға ұсынылады. Әділет министрлігі ұсынылған ақпаратты талдайды және жинақтайды және есепті кезеңнен кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Үкімет Аппаратына жібереді.";

54 және 55-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Заң жобасы мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісілгеннен кейін және ол Үкімет Аппаратына енгізілгенге дейін заң жобасы ашық НҚА интернет-порталында орналастырылады.

55. Заң жобасын Үкімет Аппаратына енгізу тәртібі Үкімет регламентінде белгіленеді.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Қабылданған занды ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасының іске асырылуы туралы есеп Әділет министрлігіне және БАҚ саласындағы уәкілетті органға ұсынылады. Әділет министрлігі ұсынылған ақпаратты талдайды және жинақтайды және есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарына дейін Үкімет Аппаратына жібереді.".

15. "Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын ("Қазақстанның киберқалқаны") бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысында:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жарты жылда бір рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 10-ы қунінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.".

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жылына екі рет, 25 шілдеге және 25 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.".

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.".

16. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 21.06.2023 № 492 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2023 № 780 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.04.2024 № 336 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. "Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өтемақы шарасын қолдануы алдында

тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі № 668 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 22-1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өтемақы шарасын қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттің өтемақы шарасын қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 22-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты өтемақы шарасын қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасу тәртібін айқындайды.";

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасының Үкіметіне құзыретті органнан тергеп-тексеру материалдары келіп түсken жағдайда көрсетілген материалдарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Қазақстан Республикасы Үкіметінің регламентінде белгіленген мерзімдерде уәкілетті органға және жүргізетін салаларына сәйкес мемлекеттік органдарға жібереді.".

21. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.08.2023 № 641 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. "Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.".

көрсетілген қаулымен бекітілген Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарда:

4-бағанда:

реттік нөмірі 4-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ОМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ГЖБМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ГЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі".

23. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.11.2024 № 1019 қаулысымен.

25. "Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 917 қаулысында:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері мен ұйымдар (келісу бойынша):";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жылына екі рет, 25 шілдеге және 25 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамытудың тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарында (бірінші кезең: 2020 – 2025 жылдар):

4-бағанда:

реттік нөмірлері 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 23 және 24-жолдарда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 17-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ГЖБМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 32-жолда "ЭГТРМ" деген аббревиатура "ЭТРМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"БФМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі", "ЭГТРМ – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі." деген жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"**"ФЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі**
ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

26. "Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 918 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі есепті кезеңден кейінгі жылдың 25 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.>";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарда:

4-бағанда:

реттік нөмірі 50-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ОМ" және "ФЖБМ" деген аббревиатуралармен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуында:

"ҰИХ "Зерде" АҚ" – "Зерде" Ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы" деген жол алып тасталсын;

"ӘГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" деген жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ФЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі"

27. "Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 953 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі есепті кезеңден кейінгі жылдың 25 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.>";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарда:

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарға қосымшада:

4-бағанда:

реттік нөмірлері 1, 2 және 12-жолдарда "БФМ" деген аббревиатура "ОМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 5 және 20-жолдарда "БФМ" деген аббревиатура "ҒЖБМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 17-жолда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзben ауыстырылсын;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі".

28. "Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2020 – 2030 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 32 қаулысында:

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың қорытындылары бойынша 20 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты есепті жылдан кейінгі жылдың қорытындылары бойынша 20 наурыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2020 – 2030 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

4-бағанда:

реттік нөмірлері 125, 161, 162 және 240-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана қаласының әкімдігі";

реттік нөмірлері 127, 153 және 154-жолдарда "БФМ" деген аббревиатура "ҒЖБМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі".

29. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 ақпандағы № 94 қаулысында:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар, үйымдар (келісі бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

4-бағанда:

реттік нөмірлері 1, 8.3, 9, 13, 15, 16, 17, 19, 21, 22, 24, 25, 26 және 34-жолдарда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзben ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 8.3, 8.5, 9, 17, 19, 24 және 25-жолдарда "ЕМ" деген аббревиатура "ОМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылудында:

"ПМК – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі" деген жол алыш тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі".

30. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.08.2023 № 691 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. "Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 маусымдағы № 405 қаулысында:

2-тармақтың 3) тармақшасы және 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жартыжылдық негізде 15 шілдеге және 5 қантарға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жыл сайын 25 қантардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жоспардың іске асырылу қорытындылары туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.".

33. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асуру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 470 қаулысында:

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Іс-қимыл жоспарының іске асырылуы туралы жиынтық есеп пен жиынтық қорытындының жобасын берсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 маусымына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-қимыл жоспарының іске асырылуы туралы жиынтық есеп пен қорытынды берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

4-бағанда:

реттік нөмірі 2-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ОМ", "ҒЖБМ" деген аббревиатура мен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 22-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ҒЖБМ" деген аббревиатура мен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 32 және 33-жолдарда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзben ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатура мен толық жазылуда:

"БФМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі".

34. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.07.2023 № 589 қаулысымен.

35. "Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттері директорларының және директорлары орынбасарларының бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілік іріктеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 3 қыркүйектегі № 608 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттері директорларының және директорлары орынбасарларының бос лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілік іріктеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты (бұдан әрі – Үкімет Аппараты) басшылығының тапсырмасымен конкурс жариялау туралы ақпарат уәкілетті органға жеткізіледі.".;

14-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде Үкімет Аппаратына үйлестіру кеңесінің отырысын өткізу туралы ұсыныс жібереді.". .

36. "Еуразиялық экономикалық одакқа қатысу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп

беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 703 қаулысында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 22-5-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Еуразиялық экономикалық комиссиямен өзара іс-қимылы қағидаларында:

9-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"9. ЕАЭО туралы шартқа № 1 қосыншаның 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне келіп түскен Алқа төрағасы немесе Комиссия Алқасының мүшесі қол қойған Комиссияның сұрау салуларын (бұдан әрі – Комиссияның сұрау салулары) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарамағындағы салаларға сәйкес мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ҰКП-ға жібереді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Қазақстан Республикасының Үкіметіне келіп түскен Комиссия Алқасы отырыстарының күн тәртібін және оған қоса берілетін материалдарды, сондай-ақ консультативтік комитеттердің, жұмыс (сараптама) топтары отырыстарының материалдарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты қарамағындағы салаларға сәйкес мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ҰКП-ға олар келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Қазақстан Республикасының Үкіметіне келіп түскен халықаралық шартты және (немесе) Комиссия шешімін орындау кезінде бұзушылықтарды жою туралы Комиссия Алқасының хабарламасын (бұдан әрі – хабарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты ол келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарамағындағы салаларға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Комиссия Кеңесі отырысының күн тәртібінің жобасын және оған қоса берілетін, Комиссия регламентінің 16-тармағына сәйкес Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкіліне келісуге келіп түскен материалдарды Қазақстан

Республикасы Үкіметінің Аппараты қарамағындағы салаларға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдарға және ҰКП-ға олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарау және ұсыныстар дайындау үшін жібереді.";

40-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Комиссия Кеңесі отырысының бекітілген күн тәртібін және оған қоса берілетін, Комиссия регламентінің 21-тармағына сәйкес Комиссия Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкіліне келіп түскен материалдарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес Қазақстан тараҧының ұстанымын қалыптастыру үшін қарауға, ұсыныстарды дайындауға және келісуге жібереді.";

49-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Комиссия Алқасының жаңындағы консультативтік органды қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне келіп түскен уәкілетті өкілдердің кандидатураларын ұсыну туралы Комиссия Алқасының өтініштерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты қарамағындағы салаларға сәйкес мемлекеттік органдарға, сондай-ақ экономикалық интеграция саласындағы уәкілетті органға жібереді.".

37. "Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды қүшетуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарапларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 935 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.";

көрсетілген қаулемен бекітілген Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды қүшетуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарапларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

4-бағандағы реттік нөмірі 11-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ОМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі".

38. "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2022 – 2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 948 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Kazakh Tourism" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2022 – 2031 жылдарға арналған даму стратегиясында:

"Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, қызметтің түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер" деген 3-бөлімде:

"Туристік дестинациялардың инфрақұрылымын дамыту мониторингі және оған жәрдемдесу" деген 1-міндетте:

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өнірлерде туризмді дамытудың және инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың проблемалық мәселелерінің тізбесін жинау және оларды орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты басшыларының деңгейіне шығару;".

39. "Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

3-бағандағы реттік нөмірлері 2, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 22, 23 және 26-жолдарда "ПМК" деген аббревиатура "YA" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

5-бағандағы реттік нөмірі 22-жолда "BFM" деген аббревиатура "FЖБМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатураларды толық жазылуында:

"BFM – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"FЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;";

"ПМК – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кенесі;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"YA – Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты".

40. "Адам құқықтары және заңның ұstemдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысында:

2-тармақтың 3) тармақшасы және 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жартыжылдық негізде 15 шілдеге және 5 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жоспардың іске асырылу қорытындысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін."

көрсетілген қаулымен бекітілген Адам құқықтары мен заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарында:

5-бағандағы реттік нөмірі 27-жолда "БФМ", "ЭГТРМ" деген аббревиатурашар және "Нұр-Сұлтан" деген сөз "ОМ", "ФЖБМ", "ЭТРМ" деген аббревиатурашармен және "Астана" деген сөзбен тиісінше ауыстырылсын.

ескертпе: аббревиатурашардың толық жазылуы:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ФЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі"

41. "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысында:

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына Іс-қимыл жоспарының іске асырылуы туралы жиынтық есеп пен жиынтық қорытындының жобасын ұсынып отырсын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты есепті кезеңнен кейінгі жылдың 20 маусымына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-қимыл жоспарының іске асырылуы туралы жиынтық есеп пен қорытындыны ұсынып отырсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.;"

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

3-бағанда реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 11, 14, 20, 21, 33, 34, 49, 64, 70, 71, 73, 84, 90, 95, 96, 101, 103 және 104-жолдарда "Премьер-Министр Кеңесі" деген сөздер " Үкімет Аппараты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-бағанда:

реттік нөмірлері 47, 48 және 104-жолдарда "БФМ" деген аббревиатура "ФЖБМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 49-жолда "ӘГТРМ" деген аббревиатура "ӘТРМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 99-жолда "БФМ" деген аббревиатура "ОМ", "ҒЖБМ" аббревиатуралармен ауыстырылсын:

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ӘГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ӘТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі".

42. "Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 274 қаулысында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.";

көрсетілген қаулемен бекітілген "Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

6-бағанда:

реттік нөмірлері 22 және 23-жолдарда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзben ауыстырылсын;

реттік нөмірі 24-жолда "МСМ (Д.Ә. Абаев)" деген сөздер "МСМ (А.Р. Оралов)" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 25-жолда "Әділетмині (Қ.С. Мусин)" деген сөздер "Әділетмині (А.Н. Есқараев)" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 26-жолда:

"Қаржымині (М.Е. Сұлтанғазиев)" деген сөздер "Қаржымині (Ә.Ш. Қазғанбаев)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Зерде" ҰИХ" АҚ (келісу бойынша) деген сөздер алып тасталсын;

6-бағанда реттік нөмірі 24-жолда "ПМК" деген аббревиатура "ҮА" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"Зерде" ҰИХ" АҚ – "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдингі" акционерлік қоғамы" деген жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"YA – Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты";

"ӘГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ӘТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі".

43. "Жаңа объектілер салуды, жұмыс істеп тұрған (оның ішінде білім беру орындарының базасындағы) объектілерді реконструкциялауды, жаңғыртуды және жете жарақтандыруды қамтитын спорттық инфрақұрылымды дамытудың 2022 – 2025 жылдарға арналған график-жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 426 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі есепті жылдан кейінгі жылдың 25 желтоқсанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жоспар-кесте іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жаңа объектілер салуды, жұмыс істеп тұрған (оның ішінде білім беру орындарының базасындағы) объектілерді реконструкциялауды, жаңғыртуды және жете жарақтандыруды қамтитын спорттық инфрақұрылымды дамытудың 2022 – 2025 жылдарға арналған жоспар-кестесінде:

4-бағанда реттік нөмірлері 114 және 115-жолдарда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзben ауыстырылсын.

44. "Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 452 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту бағдарламасында:

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар (іс-қимылдар) жоспарында:

3-бағанда:

реттік нөмірлері 2, 14, 16, 17, 26, 32, 34, 42 және 43-жолдарда "Нұр-Сұлтан" деген сөз "Астана" деген сөзben ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолда "ӘГТРМ" деген аббревиатура "ӘТРМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

4-бағанда реттік нөмірлері 5, 29, 35, 39, 42, 43, 44 және 46-жолдарда "ПМК" деген аббревиатура "YA" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі";

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"YA – Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты".

45. "Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 шілдедегі № 488 қаулысында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі жылына екі рет, 15 шілдеге және 15 қаңтарға қарай Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына беріп тұрсын.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған кешенді жоспарында:

5-бағанда реттік нөмірі 7-жолда "ЭГТРМ" деген аббревиатура "ИИДМ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі;" деген жол алынып тасталсын.

46. "Қоғамдағы еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілетудің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 1004 қаулысында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жылына екі рет, 15 шілдеге және 15 қаңтарға қарай Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына беріп тұрсын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жылына екі рет, 25 шілдеге және 25 қаңтарға қарай Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне беріп тұрсын.".

47. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы консультативтік-кеңесші органдардың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 90-е өкімінде:

2-қосымшада:

көрсетілген өкіммен бекітілген Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі";
6-қосымшада:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі".

48. "Дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірлейтін комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 111-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Дін саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі".

49. "Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі шараптар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 10-ө өкімінде:

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуына және таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі".

50. "Ұлттық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу оғисін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 23 ақпандадағы № 37-ө өкімінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына жүктелсін.";

көрсетілген өкіммен бекітілген Ұлттық жобалардың іске асырылуын мониторингтеу оғисі туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Офис матрицалық құрылым форматында Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Жобалық басқару департаментінің (бұдан әрі – ЖБД) базасында жобалық басқаруға және ұлттық жобаларды іске асыруға жауапты мемлекеттік

органдар мен ұйымдардың өзге құрылымдық бөлімшелерін тарта отырып құрылады. Қажет болған жағдайда, Офистің қызметіне бизнестің, сараптамалық қоғамдастықтардың және азаматтық қоғамның өкілдері қатыса алады.";

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік органдардың жобалық оғистерінің Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына (бұдан әрі – Үкімет аппараты) және Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне ұлттық және өзге де жобалардың іске асырылуы жөнінде өзекті ақпарат беруін қамтамасыз ету;";

7-тармақтың 16) және 17) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"16) Үкімет Аппаратының құрылымдық бөлімшелерін, мемлекеттік органдар мен ұйымдарды тарта отырып, жоспарлы және жедел кеңестер өткізу;

17) Офис құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Үкімет Аппаратының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың кеңестеріне қатысу;".

51. "Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі кеңес (инвестициялық штаб) құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 64-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі кеңестің (инвестициялық штабтың) құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі".

52. "Алматы агломерациясын басқару жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 106-ө өкімінде:

Алматы агломерациясын басқару жөніндегі кеңестің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі;" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі".

53. "Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы жөніндегі талдамалық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 169-ө өкімінде:

Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуы жөніндегі талдамалық кеңестің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі".

54. "Бала туған сәттен бастап проактивті форматта мемлекеттік қызметтер көрсетуді көздейтін мүмкіндіктері шектеулі бала мен оның отбасын дамытуды іске асыру

жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 30 қазандағы № 178-ө өкімінде:

2-тармақтың 3) тармақшасы және 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жартыжылдық негізде 15 шілдеге және 5 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жыл сайын 25 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жоспары туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін."

55. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Отандық кәсіпкерлер кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 7 ақпандағы № 24-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Отандық кәсіпкерлер кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі".

56. "Қазақстанның су кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 9 наурыздағы № 47-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстанның су кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, хатшы", "Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі", "Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы" деген жолдар тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, хатшы", "Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі", "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің төрағасы".

57. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2024 № 1157 қаулысымен.

58. "Өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 89-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі".

59. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 145-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі".

60. "Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 11 қазандағы № 167-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Орнықты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі".

61. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышын жетілдіру мәселелері жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 181-ө өкімінде:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышын жетілдіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі аппаратының басшысы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі аппаратының басшысы";

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Өнірлік даму бөлімінің менгерушісі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты құрылымдық бөлімшесінің менгерушісі".

62. Құші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.02.2024 № 137 қаулысымен.

63. "Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 3 Жарлығын іске асыру шенберінде Қазақстан Республикасы Заңының жобасына ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 199-ө өкімінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп (келісу бойынша) 2023 жылғы 31 қаңтарға дейінгі мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен Заң жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізсін.".

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 17 наурыздағы
№ 236 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 16 шілдедегі
№ 784 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тағайындалайтын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдарды лауазымға келісу, лауазымға тағайындау және лауазымнан босату тәртібі туралы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі (бұдан әрі – Премьер-Министр) тағайындалайтын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдарды лауазымға тағайындау немесе лауазымнан босату туралы ұсыныстарды – тиісті мемлекеттік органның басшысы, Қазақстан Республикасы Үкімет Аппаратының мемлекеттік қызметшілерін – Үкімет Аппаратының Басшысы, өзге де лауазымды адамдарды тиісті ұйымдардың басшылары ұсынылып отырған тағайындау немесе босату себептері мен дәлелдерін, сондай-ақ тиісті лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына кандидаттың өзінің сәйкес келуін көрсете отырып, қағаз жеткізгіште және (немесе) электронды түрде Премьер-Министрдің қарауына енгізеді.

Үкімет, Премьер-Министр тағайындалайтын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдарды лауазымға тағайындау және (немесе) тағайындауды келісу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына (бұдан әрі – Үкімет Аппараты):

- 1) кандидаттың іскерлік және жеке қабілеттері көрсетілген ұсыным;
- 2) кандидаттың суретімен бірге қызметтік тізімі;
- 3) міндетті арнайы тексерістен өткендігі туралы мәліметтері жіберіледі.

Үкімет, Премьер-Министр тағайындалайтын, онымен келісу бойынша немесе оның ұсынуымен тағайындалатын мемлекеттік саяси қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдарды лауазымнан босату және (немесе) босатуды келісу үшін Үкімет Аппаратына :

- 1) қызметтен болжамды босатудың нақты себептері мен дәлелдері көрсетілген ұсыныс;
- 2) кандидаттың суретімен бірге қызметтік тізімі;
- 3) өтініші (қызметтен өз тілегі бойынша босатылған жағдайда) жіберіледі.

Ұсынылған материалдарды Үкімет Аппаратының Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі тіркейді және осы Қағидаларды белгіленген талаптарға сәйкес келуіне тексеру жүргізу үшін Үкімет Аппаратының Кадр жұмысы бөліміне (бұдан әрі — Бөлім) дереу жібереді.

Ұсынылған құжаттар топтамасы толық болмаса, кандидаттар біліктілік талаптарына сәйкес келмесе, қызметтік тізімі дұрыс болмаса Бөлім құжаттарды қараусыз қалдыруға және материалдарды мемлекеттік органға қайтаруға құқылы.

2. Премьер-Министрдің немесе Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасы бойынша лауазымға тағайындауға не атқаратын лауазымынан босатуға ұсынылатын кандидаттарды Премьер-Министрдің тиісті орынбасарлары алдын ала зерделей алады.

Ұсынылған материалдарды талдау барысында тағайындалатын немесе босатылатын лауазымды тұлғаның іскерлік және жеке қабілеттері оны Үкімет Аппаратына әңгімелесуге шақыру арқылы зерделенеді, қосымша құжаттар сұратылуы мүмкін. Келісілетін кандидатураларды зерделеу мақсатында Үкімет Аппараты Басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдарға сұрау салулар жіберілуі мүмкін.

Бөлімде материалдарды қарау мерзімі жеті жұмыс күнінен аспайды.

Тексеру жүргізгеннен кейін ұсынылған құжаттар Үкімет Аппараты Басшысының қарауына беріледі, ол өз кезегінде тағайындауға немесе босатуға кандидаттар туралы Премьер-Министрге жеке баяндайды.

Мұндай құжаттарды қабылдау бөлмелерінің мамандары және Үкімет пен Үкімет Аппараты Басшылығының көмекшілері арқылы беруге жол берілмейді.

Қабылданған шешім туралы мемлекеттік органдарға хабарламаны Бөлім бір күн ішінде жібереді.

3. Премьер-Министрдің келісімін алғаннан кейін Бөлім лауазымды тұлғаларды тағайындау немесе босату бойынша Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің Әкімдерін дайындайды.

Премьер-Министрдің тиісті келісімін алғанға дейін кандидаттарды лауазымға тағайындау немесе лауазымнан босату туралы шешім қабылдауға жол берілмейді.

4. Үкімет тағайындайтын не Премьер-Министрмен немесе оның тапсырмасы бойынша Үкімет аппаратының Басшысымен келісу бойынша тағайындалатын кадрлар бойынша келісу нәтижесі ұсынысқа Үкімет Аппараты Басшысының қаары түрінде ресімделеді және тиісті орталық атқарушы органға жіберіледі.

5. "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентімен немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі (бұдан әрі — Президент Әкімшілігі) Басшысымен, Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысымен келісу бойынша тағайындалуы немесе босатылуы тиіс мемлекеттік қызметшілер мен өзге де лауазымды адамдар жөніндегі тиісті орталық атқарушы органның басшысы қол қойған

және Бөлімге енгізілген ұсыныстар Үкімет Аппараты Басшысында және Премьер-Министрде алдын ала келісілгеннен кейін лауазымға тағайындауға немесе лауазымнан босатуға келісім беру туралы ұсыныс хатпен Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөліміне жолданады. Ол Президент Әкімшілігінде келісуді ұйымдастырады, содан кейін Бөлімге ұсынылатын не босатылатын кандидатура жөнінде жауапты хабарлайды.

Келісу рәсімі аяқталған соң лауазымға тағайындау не лауазымнан босату туралы дайындалған құжаттарды Үкімет Аппаратының Басшысы Премьер-Министрге қол қоюға енгізеді.

6. Ротация шеңберінде саяси мемлекеттік қызметшілерге және "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне жатқызылған лауазымдарға тағайындау Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ротация жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.